

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы көпбалалы отбасылардың әлеуметтік әл-ауқатын өлшеу әдістемесі кешенді көзқарасты талап етеді. Ол үшін табыс, білім, денсаулық, тұрғын үй және әлеуметтік қорғау саласындағы көрсеткіштерді біріктіретін бірыңғай индикаторлар жүйесін енгізу қажет. Мұндай тәсіл әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттырып, көпбалалы отбасылардың өмір сүру сапасын жақсартуға және елдің демографиялық дамуын тұрақтандыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алексеев А.Н., Аубакирова Ж.С. Этнодемографические процессы в Казахстане. – Алматы: Зерде, 2019. – 180 с.
2. Аубакирова Ж.С. Этнические особенности воспроизводства населения Казахстана (1979–1999 гг.) // Демоскоп Weekly. – 2005. – URL: <http://www.demoscope.ru/weekly/2005/0197/analit05.php> (дата обращения: 27.08.2025).
3. Инеуова Г. (ред.) Некоторые вопросы гендерного развития Казахстана. – Алматы: Общественный фонд «Центр социальных и политических исследований «Стратегия», 2023. – 272 с.
4. Соколов А. Как русские стали «малым народом» в Казахстане // Ведомость. – 2022. – URL: <https://www.vedomosti.ru/society/articles/2022/01/17/904990-kak-russkie-stali-malim-narodom> (дата обращения: 27.08.2025).
5. Population Situation Analysis in the Republic of Kazakhstan / UNFPA. – Nur-Sultan, 2019. – 92 p.
6. Отбасының әл-ауқатын анықтау әдістемесі: бұл не және не үшін керек?// <https://factcheck.kz/kaz/socium-kaz/otbasynyja-jal-aujaatyn-anyjatau-jadjastemesja-bjal-ne-zhjane-ne-jashjan-kerek/>
7. Отбасының (адамның) әлеуметтік саламаттылығын айқындау әдістемесін бекіту туралы//Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 267 бұйрығы.

ӘОЖ 378

УНИВЕРСИТЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУ

Маженова Р.Б., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Манашова Г.Н., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Ившина Н.В., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Қазіргі білім беру жүйесінде педагог-психологтарға деген сұраныс күннен-күнге артып отыр. Әсіресе мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы орта мектептерде психологиялық қолдаудың маңыздылығы ерекше. Осыған байланысты педагог-психологтарды даярлау мәселесі жоғары оқу орындарының негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады [1]. Бұл даярлық тек кәсіби білім берумен шектелмей, студенттердің тұлғалық, құндылықтық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс [2].

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарында педагог-психолог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары көрсетілген, бакалавриат білім деңгейінде бес еңбек функциялары келтірілген, психологиялық-педагогикалық бейіні мен мақсатына диагностика жүргізу; білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу; білім беру ортасының жағдайына психологиялық-педагогикалық мониторинг жүргізу; білім беру қызметін дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлау мен әзірлеуде оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру; психологиялық-педагогикалық көмектің қолданбалы ғылыми-практикалық технологияларын құру.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде, атап айтқанда, магистратура мен докторантура бес еңбек функциясының сипаттамалары келесідей: психологиялық-педагогикалық бейіні мен мақсатына диагностика жүргізу; білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу; білім беру ортасының жағдайына психологиялық-педагогикалық мониторинг жүргізу; білім беру қызметін дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлау мен әзірлеуде оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру; психологиялық-педагогикалық көмектің қолданбалы ғылыми-практикалық технологияларын құру [3].

Жоғары аталғандарға сәйкес, педагог-психологтарды даярлаудың басты мақсаты – білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті жүзеге асыра алатын, кәсіби-педагогикалық құзыреттерге ие мамандарды қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер қойылады:

- психология мен педагогиканың теориялық негіздерін меңгерту;
- диагностикалық, түзету және кеңес беру дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді үйрету;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және кәсіби шығармашылықты дамыту.

Педагог-психологтарды даярлау үдерісі бірнеше өзекті бағыттарды қамтиды:

1. Психологиялық білім беру.

Оқу бағдарламасында жалпы психология, даму психологиясы, жас ерекшелік психологиясы, әлеуметтік психология, психодиагностика және психокоррекция пәндері маңызды орын алады. Бұл пәндер студенттердің теориялық білімін жүйелеп, кәсіби көзқарасын қалыптастырады.

2. Педагогикалық даярлық.

Болашақ мамандар педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесін, білім берудегі инновациялық технологияларды меңгереді. Бұл олардың тек психолог қана емес, педагог ретінде де қызмет атқаруына мүмкіндік береді.

3. Әдіснамалық дайындық.

Студенттер зерттеу әдістерін, тәжірибелік деректерді жинау және талдау жолдарын үйренеді. Әдіснамалық құзыреттілік әсіресе магистратура мен докторантурада айқын көрінеді.

4. Практикалық дағдылар.

Педагогикалық практика барысында студенттер мектепке дейінгі ұйымдарда, мектептерде және басқа да білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің барлық түрлеріне үйренеді. Олар диагностикалық тесттер жүргізуді, топтық және жеке түзету жұмыстарын өткізуді үйренеді.

5. Кәсіби құндылықтар.

Педагог-психологтың қызметінде эмпатия, жауапкершілік, адамгершілік, толеранттылық және құпиялылықты сақтау басты қағида болып табылады. Университет қабырғасында осы қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аударылады.

Болашақ педагог-психологтарды даярлаудың ерекшеліктері [4]:

1. Ғылыми-теориялық білімнің тереңдігі.

Болашақ педагог-психологтарға психологияның жалпы, жас, әлеуметтік, педагогикалық салалары бойынша терең теориялық білім беріледі. Бұл олардың кәсіби ойлауын, психологиялық құбылыстарды талдау қабілетін дамытады.

2. Пәнаралық интеграция.

Психология мен педагогиканың байланысы – даярлықтағы басты бағыт. Болашақ маман әрі педагог, әрі психолог ретінде оқыту, тәрбиелеу және психологиялық қолдау жұмыстарын кешенді түрде ұйымдастырады.

3. Диагностикалық құзыреттілікті қалыптастыру.

Педагог-психологтың негізгі міндетінің бірі – балалардың психикалық дамуын зерттеу. Сондықтан олар психодиагностикалық әдістерді (тест, сауалнама, әңгіме, бақылау және т.б.) қолдануды үйренеді.

4. Түзету-дамыту жұмыстарының дағдылары.

Студенттер психологиялық түзету, дамыту және профилактикалық бағдарламаларды құруды меңгереді. Бұл тәжірибе оларға мектепке дейінгі ұйымдарда, мектептерде балалармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

5. Практикалық дайындықтың көпсалалығы.

Оқу және өндірістік практика барысында студенттер түрлі жастағы балалармен, ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен жұмыс істейді. Бұл кәсіби икемділік пен бейімделгіштікті арттырады.

6. Кәсіби этика мен құндылықтарға бағдар.

Педагог-психологтың қызметі құпиялылықты сақтау, эмпатия, толеранттылық сияқты қағидаларға негізделеді. Университет қабырғасында студенттер осы құндылықтарды меңгеруге баулынады.

7. Зерттеушілік дағдыларды дамыту.

Болашақ педагог-психологтар ғылыми жобаларға қатысып, зерттеу жүргізудің әдіснамасын меңгереді. Бұл олардың ғылым мен практиканы ұштастыруына мүмкіндік береді.

8. Инновациялық технологияларды қолдану.

Қазіргі білім беру процесінде цифрлық технологиялар, онлайн-платформалар мен психологиялық тренингтік әдістер кеңінен қолданылады. Студенттер осы құралдарды тәжірибеде қолдануға үйренеді.

9. Әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетуге даярлық.

Педагог-психолог балалардың бейімделу қиындықтарын шешуге, ата-аналарға кеңес беруге, педагогтерге психологиялық көмек көрсетуге дағдыланады. Бұл олардың кәсіби жауапкершілігін арттырады.

10. Үздіксіз кәсіби даму қағидасы.

Болашақ мамандарға өз білімін жетілдірудің үздіксіздігі түсіндіріледі. Бакалавриат, магистратура, докторантура сатылары осының айқын дәлелі.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін, психологиялық қолдау көрсетуде кәсіби құзыретті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Бұл міндетті жүзеге асыруда педагог-психологтардың рөлі ерекше. Өйткені олар тек білім алушылардың психикалық саулығына жауап беріп қана қоймай, әлеуметтік бейімделуін, тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық» кафедрасы маңызды ғылыми-әдістемелік орталық болып табылады. Кафедрада «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы үш деңгей бойынша іске асырылуда: бакалавриат, магистратура және докторантура.

Педагог-психологтарды кәсіби тұрғыда қалыптастыру кешенді үдеріс болып табылады. Оның табысты жүзеге асырылуына бірнеше фактор ықпал етеді [5]:

1. Ғылыми-теориялық негіздер.

Оқу бағдарламалары педагогика, психология, психодиагностика, даму психологиясы, психокоррекция және білім берудегі психологиялық қызметтің ұйымдастырылуы сияқты іргелі пәндерге сүйенеді. Бұл студенттердің кәсіби дүниетанымын қалыптастырады.

2. Практикалық дайындық.

Университетте ұйымдастырылатын оқу және өндірістік практикалар мектепке дейінгі ұйымдарда, мектептерде, колледждерде өткізіледі. Бұл студенттердің кәсіби қызметке ерте бейімделуіне, нақты тәжірибелік дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

3. Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті.

Магистранттар мен докторанттар педагогика мен психология саласында өзекті тақырыптар бойынша зерттеу жүргізіп, ғылыми жаңалықтар енгізуге бағытталады. Бұл бағытта кафедрада ғылыми жобалар, халықаралық конференциялар мен семинарлар белсенді түрде өткізіледі.

4. Құндылықтық бағдар.

Болашақ педагог-психологтар кәсіби этикаға, гуманистік көзқарасқа, жас ұрпақтың психикалық саулығын қорғауға бағытталған әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиеленеді.

Бакалавриат бағдарламасының мақсаты – студенттерге педагогика мен психологияның негізгі заңдылықтарын меңгерту, кәсіби құзыреттерді қалыптастыру. Оқу барысында студенттер:

- психологиялық диагностика әдістерін;
- жас ерекшелік психологиясын;
- педагогикалық процесті психологиялық қолдауды ұйымдастыру жолдарын меңгереді.

Сонымен қатар, оқу жоспарына кәсіби практика мен дипломдық зерттеу жұмысы кіреді. Бұл кезеңде студенттер педагогикалық үдерісте психологиялық қызметті жүзеге асырудың бастапқы дағдыларын игереді.

Магистратура бағдарламасы тереңдетілген кәсіби білім беруді және ғылыми-әдістемелік даярлықты көздейді. Магистранттар келесі құзыреттерді дамытады:

- ғылыми-зерттеу әдістемесін игеру;
- білім беру жүйесіндегі инновациялық психологиялық технологияларды қолдану;
- тұлғааралық қарым-қатынастарды ғылыми негізде зерттеу.

Магистранттардың диссертациялық зерттеулері көбіне мектеп жасындағы балалардың психикалық дамуы, жасөспірімдер арасындағы психосоматикалық бұзылыстардың алдын алу, отбасылық тәрбиенің психологиялық аспектілері және т.б. өзекті тақырыптарға арналады.

Докторантура – жоғары оқу орнындағы білім берудің ең жоғарғы сатысы, ғылыми кадрларды даярлауға бағытталған. Докторанттар педагогика және психология ғылымдарының дамуына үлес қосатын іргелі зерттеулер жүргізеді. Бұл деңгейде:

- психологиялық қызметтің теориялық және әдіснамалық негіздері;
- білім беру жүйесіндегі психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- педагогикалық инновациялар мен психологиялық қолдау стратегиялары терең зерттеледі.

Докторлық диссертациялар білім беру жүйесінің жаңа талаптарына сәйкес келетін ғылыми жаңалықтар ұсынады және практикалық нәтижелерге бағытталады.

Е.А. Бөкетов атындағы университетінің «Мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық» кафедрасында жүзеге асырылатын «Педагогика және психология» бағдарламасы білім беру жүйесіне жоғары білікті мамандарды даярлаудың сапалы үлгісін қалыптастырады. Үш деңгейлі (бакалавриат – магистратура – докторантура) даярлық моделі кәсіби құзыреттіліктің үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Болашақ педагог-психологтардың ғылыми-теориялық дайындығы, практикалық дағдылары мен зерттеу құзыреттіліктері үйлесімді дамып, оларды заманауи білім беру кеңістігінің талаптарына сай кәсіби маман ретінде қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2019.
3. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031>
4. Сангилбаев О.С. Педагогикалық психология. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 256 б.
5. Бөкетов Е.А. атындағы Қарағанды университетінің ресми сайты. [Электрондық ресурс] – URL: <https://ksu.kz>

ӨОЖ 37.022

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУДА ДИЗАЙН-ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мұхаметжанова А.О., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Даян М., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Ғылым мен білім, ізденушілікпен зерттеу алға шығуы әлемдік дамудың айқын көріністерінің бірі. Білім беруді жаңғырту процесі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, ғылыми-ізденушілікке бейім мамандар даярлауды басты міндеттердің біріне айналдырды. Әсіресе бастауыш мектеп деңгейінде оқушылардың тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін, жаңашылдыққа бейім, зерттеушілік мәдениеті қалыптасқан мұғалімдердің қажеттілігі артуда. Жалпы зерттеу дағдысы дегеніміз бұл зерттеу жүргізу барысында қажетті дағдыларды игеру мен дамыту процесі. Бұл дағдылар адамның ғылыми жұмыс жасауына, мәселені зерттеуге, деректерді жинауға, талдауға, нәтижелерді шығару мен қорытынды жасауға қабілеттілігін білдіреді. Ал зерттеу дағдыларын қалыптастыру — бұл адамның зерттеу жұмысына қажетті дағдыларын жүйелі түрде дамыту процесі.